

20 24 ж. "23" желтоқсан
№ 09-06-02/583

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының
«Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы**
БСН 120141020384

Мекенжай: Астана қ., Хусейн бен Талал к., 21/1-ғимарат, 5-қабат

Банк: «Қазақстанның Халық банкі» АҚ

ЖСК KZ616017111000024495

БСК HSBKKZKX

Коммерциялық ұсыныс

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының
«Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы оқушылардың функционалдық
сауаттылығының қалыптасу деңгейін арттыру қызметтерін ұсынады, атап
айтқанда:

- тестке дайындалуға арналған онлайн-тренажерға қолжетімділік;
- функционалдық сауаттылық (математикалық, ғылыми жаратылыстану, оқу) деңгейін бағалау тестін ұйымдастыру және өткізу;
- тестілеу нәтижелері және сабақта функционалдық сауаттылықты дамыту қағидаттары бойынша мұғалімдерге арналған вебинар өткізу.

Көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы:

1. Тестке дайындалуға арналған онлайн-тренажер:
 - сертификатталған мамандар құрастырған 120 тапсырманы қамтиды;
 - тапсырмаларды орындауға арналған ұсынымдар қадамдар түрінде ұсынылады;
 - тапсырмалар нақты тестке сәйкес келеді, қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді. Оқушылар ұзақтығы бойынша шектеусіз кез келген ыңғайлы уақытта жұмыс жасай алады.
2. Функционалдық сауаттылықтың қалыптасу деңгейін бағалау тесті:
 - PISA-2025 тұжырымдамасына сәйкес сертификатталған мамандар тарапынан әзірленген;
 - үш бөлімнен тұрады (математикалық, ғылыми жаратылыстану, оқу), әрбірінде кемінде 20 тапсырмадан бар;

- тест өткізу кезінде барлық оқушылар үшін бірыңғай жағдай қамтамасыз етіледі;
 - тестілеудің қорытындысы бойынша жеке және мектеп бойынша есептер, сонымен қатар талдау жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар беріледі.
3. Мұғалімдерге арналған вебинар:
- тест нәтижелері, есептермен жұмыс жасау және функционалдық сауаттылықты дамыту қағидаттары талқыланады;
 - интерактивті әдістер пайдаланыла отырып, сертификатталған мамандар тарапынан жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру және өткізу келесіні қамтиды:

- тест пен тренажерға арналған тапсырмаларды құрастыру және сараптау.
- барлық кезеңдердегі техникалық қолдау қызметі;
- деректерді өңдеу, жеке және мектеп бойынша есептерді дайындау;
- әдістемелік материалдар әзірлеу және вебинар өткізу.

Нәтиже:

- Оқушылар: тестке дайындалады, функционалдық сауаттылық дағдыларын жақсартады.
- Мұғалімдер: нәтижелерді талдау және сабақтарды жоспарлау дағдыларын меңгереді.
- Мектеп: білім беру сапасын арттыруға арналған аналитикалық есептер мен ұсынымдар алады.

№	Атауы	1000 - 1999 оқушы қатысқандағы 1 қатысушыға арналған құны, теңге, ҚҚС-ты қосқанда	2000-нан астам оқушы қатысқандағы 1 қатысушыға арналған құны, теңге, ҚҚС-ты қосқанда
1	Онлайн-тренажерға қолжетімділік	9 200	4 600
2	Тестілеу	8 600	4 800
3	Біліктілікті арттыру курсы/оқыту семинары (онлайн)	20 000	20 000
4	Функционалдық сауаттылықтың қалыптасу деңгейін бағалау бойынша «Тиімді» ұсыныс (тренажер+тест+онлайн семинар)	16 000	8 400

Қызмет көрсету мерзімі: 2025 жылғы қаңтар – наурыз.

Директор



Д. Сапаков